

Мырзатай Жолдасбекұлы
Қойшығара Сапғараұлы
Ақсепеу Селісімбек



Жолдасбекұлы

Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті

Мырзатай Жолдасбекұлы
Қойшығара Сапғараұлы
Ақсепеу Сеуқімбек

ЕЛ ТАРИХЫ

ЕЛ ТАРИХЫНЫҢ ӘҮГІЛІ ТҰЛҒАЛАРЫ



«KÜL TEGIN» баспасы
Астана — 2001

ББК 66.2(0)
К14

ЕЛТҮТҚА. Ел тарихының әйгілі тұлғалары:
Оқу құралы (М. Жолдасбекұлы., Қ. Салғараұлы, А. Сейдімбек)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА: И. Тасмағамбетов, саясаттану ғылымының докторы (төраға); Ә. Кекілбаев, халық жазушысы; К. Нұрпейісов, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, тарих ғылымының докторы, профессор; М. Құлмұхаммед, заң ғылымының докторы; М. Қойгелдиев, тарих ғылымының докторы, профессор (хатшы); Х. Әбжанов, тарих ғылымының докторы, профессор; Ж. Артықбаев, тарих ғылымының докторы, профессор.

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР – М. Жолдасбекұлы, филология ғылымының докторы, профессор.

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІ – М. Қозыбаев, академик, тарих ғылымының докторы, профессор.

ПІКІР ЖАЗҒАН - Р. Нұрғали, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі.

КӨРКЕМДЕУШІ РЕДАКТОР – Қ. Нұрбалин.

*Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің
Ғылыми кеңесі мақұлдаған.*

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы тану мүмкіндігі – тәуелсіздік жемістерінің бірі. Президент Н. Ә. Назарбаевтың қолдауымен, премьер-министрдің орынбасары И. Н. Тасмағамбетовтың тікелей араласуымен Түркі қағанатының әйгілі батыры Күлтегін құрметіне орнатылған тас ұстынның тұңғыш рет жасалған көшірмесі қазір Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратында тұр. Бірінші атриумда киелі тас ұстынның мазмұнын ашатын жайым (экспозиция) жасақталған. Солардың ішінде дарынды суретші Нұржан Қарымсақовтың қолынан шыққан “Бата”, “Алтын адам” атты көлемді паннолар да бар. Бұл панноларда екі жарым мың жыл аясы қамтылып, ел тарихының 150-ге тарта әйгілі тұлғалары бейнеленген. Қолыңыздағы кітапта сол тарихи тұлғалар туралы ғылыми мағлұмат берілген.

“Елтұтқа” кітабы Отан тарихын білгісі келетін көпшілік қауымға, студенттер мен оқушыларға, ата-баба рухын ардақтай білетін әрбір ұлт жанды оқырманға арналған.

К 0801000000
00(05)-00

ББК 66.2(0)

ISBN 9965-441-26-X





ТАРИХ ЖӘНЕ ТҰЛҒА

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы зерделеу — қазақтың дәстүрлі таным-түсінігінде ертеден қалыптасқан үрдіс. Қазақтың қария сөздерінде, яғни, шежірелік зердесінде тарих ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегі арқылы танылып отырады. Қоғамның саяси-әлеуметтік, мәдени-рухани ахуалы ұдайы жеке тұлғалар болмысы арқылы көрініс табады. Содан да болу керек, қазақтың дәстүрлі философиялық пайымдауында өмірді өзгертуден бұрын, алдымен, адам санасын шындауға көбірек мән беріледі. Дәл сол сияқты шежірелік дәстүрде де қоғам дамуының жалпы ахуалынан бұрын, алдымен адам туралы мағлұмат беру басты нысана болып отырады.

Сахара төсінде әр кез-кезеңде туындаған тарих туралы еңбектердің баршасы ұдайы жеке тұлғалардың өмір дерегін негізге алу арқылы жазылған. Әрідегі Түркі қағанатының (ҮІ-ҮІІІ ғғ.) баһадүрлеріне орнатылған тас ұстындардағы рун жазбаларынан бастап, одан берідегі Рашид-ад-дин, Захираддин Бабыр, Дулат Мұхаммед Хайдар, Әбілғазы Баһадүр-хан, Ұлықбек, Жалайыр Қадырғали би, Өтеміс қажы, Шәкәрім қажы, Құрбанғали Халид, Мұхаметжан Тынышбай сияқты тарихшылардың бәрі де жеке тұлғалар өмірі арқылы тарихты зерделеген, қоғам дамуының үрдістеріне ден қойған.

Қазақтың шежірелік зердесінде адам — тарихтың негізгі тұлғасы, ал адам сапасы — тарихтың қозғаушы күші. Әрбір адам әкесі мен шешесінің ғана перзенті емес, сонымен бірге этностың да бір бөлшегі. Яғни, шежірелік зердеде этнос тарихы жеке адамнан тыс қарастырылмайды, керісінше, адам әулетінің өмірбаяны ретінде қарастырылады. Бәлкім, осы дәстүрді тарихты танудағы қазақстандық мектеп деуге де болар. Мұның өзі тарих ғылымында мойындала бастаған “жаңаша әлеуметтік тарих”, “тарихи антропология” деп аталатын соны ізденістермен (әсіресе, француз тарихшыларының арасында) үндес екенін атап өткен жөн.

Тарихи тұлға дегеніміз — жағдайға байланысты және жеке басының сапасына орай танылғандар деп келетін жалпылама анықтама белгілі. И. А. Ильиннің сөзімен айтқанда, халық шашырап жатқан ұлы тобыр. Ал, оның күш-қуаты шоғырланып, өзін-өзі халық ретінде айғақтауы үшін тұтастануы қажет, хұқық еркі мен мемлекеттік рух белгілі бір тарихи тұлғалар арқылы көрініс табуы керек. Халық та бір нөсер жауынды аң-

саған шөл дала сияқты, дана көсемге қашан да зәру. Платон айтқандай, дана тұлға патшалық немесе патша дана тұлға болғанда дүние шырайнала түспек.

Қазақ халқының ұзына тарихы небір қым-қуыт оқиғаларға толы. Сол қым-қуыт оқиғалардың басында болмыс-бітімі алуан түрлі тұлғалар болғаны аян. Тарих толқыны дарындылар мен дарынсыздарға, данышпандар мен ақылсыздарға, табандылар мен тайғанақтарға, жаңашылдар мен кертартпаларға кенде болмаған. Тағдырдың жазуы мен мемлекеттің, әскердің, халықтық қозғалыстың, саяси партияның тізгінін қолға алған тұлғалар өздерінің қабілет-қарымына орай тарихи ахуалға кейде жағымды, кейде жағымсыз әсер етуі мүмкін. Тарих жүзінде әрі жағымды, әрі жағымсыз із қалдырған тұлғалар да аз емес. Сондықтан да саяси және мемлекеттік билік кімнің қолында болатыны қоғам үшін аса мәнді.

Рас, тарихи дамуға халық болмысы негіз болады. Жеке тұлғаның өзі халық арасынан шығады. Антейдің күші қара жермен байланысып жатса, әйгілі тұлғалардың да барша болмысы халық өмірімен кіндіктес. Қандай бір айбынды әмірші болса да, халық деп аталатын құдірет айдынның бетіндегі қалтқы сияқты, сол халықпен бірге көтеріліп, сол халықпен бірге төмендейді деген ойды А. И. Герцен айтқан. Қазақтың дуалы ауыз ақыны Әбубәкір Кердері де: “Жігітке бақыт та оңай, дәулет те оңай, Болса егер қабырғалы халқы оның” деген. Яғни, тарихи тұлға қаншалықты данышпан болса да оның барша болмысы қоғамдық өмір жиынтығымен шендесіп (детерминденіп) жатады.

Тарихтың даму үрдістеріне ғылым, техника, философия, әдебиет, өнер, діни ой-сана саласындағы біртуар дарын иелерінің де қосар үлесі айрықша зор. Фараби мен Йасауи, Қорқыт пен Асанқайғы, Шоқан мен Ыбырай, Абай мен Жамбыл, Құрманғазы мен Тәттімбет, Ақан мен Біржан, Әсет пен Мұхит, Қаныш пен Әлкей, Мұхтар мен Жүсіпбек, Мұқан мен Нұрғиса, Әбілхан мен Шәкен сияқты біртуар тұлғаларының есімін қазақ халқы мәңгі ардақ тұтады.

Тарих адам бар жерден бастау алады. Қазақстан мен Орта Азияны бұдан миллион жылдай бұрын тұрақ еткен ең ежелгі адамдардың айғақ белгілері Кіші Қаратаудың солтүстік өңіріндегі Шарбақты, Тәңірқазған, Бөріқазған, Ақкөл, Қазанғап деп аталатын жерлерден табылған. Археологтар мұны ежелгі плеолиттің белгісі ретінде шель-ашель дәуіріне жатқызады.

Бұл осыдан 800 мың жыл бұрынғы уақыттан бастап, 100 мың жыл бұрынға дейінгі уақыт аралығын қамтып жатыр. Ежелгі палеолиттің адамдары Орталық Қазақстан өңірін, байтақ жатқан Сарыарқаны да тұрақ еткен. Олардан қалған археологиялық айғақтар Қарағанды облысындағы Обалысай, Мұзбел, Талдысай, Жаман, Айбат, Қосмола, Қызылжар аталатын жерлерден табылған. Көптеген зерттеушілер бұл айғақтарды осыдан 40-100 мың жыл бұрынғы орталық палеолит немесе мустер дәуірінің адамдары тұтынған дейді. Ғылым тілінде “неондерталь” деп аталатын адамдар, міне, осылар.

Қазақ даласында миллион жыл бұрын белгі қалдырған адамдар тіршілігі бір сәт үзілместен бүгінгі өмірмен жалғасып жатыр.

Ұлы дала төсіндегі ең ірі тарихи-әлеуметтік өзгеріс көшпелі өмір салттың басталуымен тікелей байланысты. Жаңаша жыл санауға дейінгі II-I мыңжылдықтардың өзінде-ақ сахара тұрғындарының тарихи тәжірибесі қуаң дала төсінде тек көшпелі өмір салттан ғана бақыт табуға болатынына көз жеткізді. Мұның өзі далалықтардың шаруашылық мәдени типін даралап, олардың төл тума болмысын қалыптастыруға себепші болды.

Көшпелі өмір салттың еуразиялық типін адамзаттық таным мен сана эволюциясындағы ең елеулі прогрестік секіріс кезеңі деп бағалауға болады. Бұл ретте, ең алдымен мына мәселе назар аудартады: Ұлы дала төсіндегі көшпелі өмір салттың басталуы, сөз жоқ, уақыт пен кеңістікке қатысты таным-түсініктің қалыптасуымен тікелей байланысты. Бойлық бойынша мыңдаған шақырымдық жолды артқа тастап, жолай бірнеше географиялық белдеулерді кесіп өтіп, жыл құсы сияқты маусымдық ырғаққа бағынған көшпелі өмір салт қалыптастыру үшін, ең алдымен уақыт пен кеңістік туралы таным-түсініктері қапысыз болуы қажет еді. Бейнелеп айтқанда, уақыт пен кеңістік туралы қапысыз, таным-түсінік қалыптаспай тұрып Ұлы дала төсінде көшпелі өмір салтқа ойысу, қайда барарынды білмей тұрып жолға шыққанмен пара-пар. Ал, Еуразия көшпелілерінің уақыт пен кеңістік туралы таным түсінігі кемел болған.

Орхон жазба ескерткіштерінде (VI-VIII ғ.ғ.) Түркінің Тәңір тектес көсемі Еуразияның Ұлы Даласын былайша барлайды: “Ілгері — күн шығысында (оңтүстікте), кейін — күн батысында, сол жақта — түн ортасында (солтүстікте), осының ішіндегі халықтың барлығы маған қарайды, халықты осыншама

көбейттім. Егер қазір баяғы кексіз түрк қағаны Өтүкен қойнауында отырса, онда елде мұң жоқ. Ілгері Шантуң жазығына дейін жауладым. Теңізге сәл жетпедім. Түстікте — тоғыз ерсенге дейін жауладым, Тибетке сәл жетпедім. Батыста Інжу (Сырдария) өзенін кеше Темірқақпаға дейін жауладым. Терістікте — Байырқы жеріне дейін жауладым, осыншама жерлерге дейін жорыттым” (Йолығтегін. Күлтегін. Байырғы түркі тілінен аударған және алғысөзін жазған М. Жолдасбеков. —А., 1986. 44-41 беттер).

Бұл тарихи мәтінде дүниенің төрт тарабы, ел мен жер атаулары нақтылы көрсетілген. Сөз болып отырған кеңістіктегі Өтүкен қойнауы, яғни Хуанхе өзені мен Темір қақпа деп отырған Дербент қаласының арасы бес-алты мың шақырым. Мұндай алапты оймен шолу үшін кеңістік туралы таным-түсінік мейлінше өрелі болуы керек.

Демек, жаңаша жыл санауға дейінгі I мыңжылдықта Ұлы Далада қалыптасқан уақыт пен кеңістік туралы таным-түсінік жалпы адамзаттық тарихи сананы сапалылық жаңа деңгейге көтерді деуге негіз бар. Танымның жаңа сапалы деңгейге көтерілуі, сананың жаңғыруы, өз кезеңінде моноатеистік дүниетаным — Тәңірлік наным-сенімнің орнығуына себепші болды. Мұның өзі, кезінде Освальд Шпенглер, Арнольд Тойнби, Карл Ясперс сияқты ғалымдар айтқан “кіндік дәуірмен” немесе “пайғамбарлар заманымен” тұспа-тұс келеді. Яғни жаңаша жыл санауға дейінгі алты ғасыр аясында Ұлы Дала ареалымен жапсар жатқан Парсияда — Зәрдош, Үндістанда — Гаутама Будда, Қытайда — Күнфудзы (Конфуций), Яхудиелер арасында — қаптаған пайғамбарлар, Римде — Нума патша, Элладада — фәни мен бақи туралы толғанған ойшылдар сияқты халықтың діни реформаторларының бір мезгілде дүниеге келуін Еуразия көшпелілерінен жұғысты болған таным-түсінік деуге негіз мол. Әзірше бұл мәселеге қатысты тарих ғылымы мұнан қисынды уәж ұсына қойған жоқ.

Осы орайда неміс ғалымы Альфред Вебердің ой-тұжырымы ден қойдырады. “Орталық Азиядан шыққан көшпелі халықтардың Қытай, Үндістан және Батыс елдеріне баса көктеп жетуі (ежелгі дүниенің осынау ұлы мәдениеттері көшпелілерден жылқыны пайдалануды үйренді), мұнан бұрын айтқанымыздай, жаңағы үш атырапқа да бірдей ықпал етті: ат үстіндегі көшпелі халықтар дүниенің кеңдігін таныды. Олар ежелгі

дүниенің ұлы мәдениеті бар мемлекеттерін жаулап алды. Қиын-қыстау тіршілік пен қауіп-қатері мол жорықтар арқылы олар дүниенің жалғандығын түсінді; ал үстем нәсіл ретінде олар дүниеге ерлік пен трагикалық сананы орнықтырып, оны эпос түрінде паш етті” — деп жазды Альфред Вебер (Карл Ясперс. Смысл и назначение истории. М., 1991. 46-бет).

Ұлы Дала көшпелілері өзін қоршаған экожүйемен үйлесімді өмір салт құрып қана қойған жоқ, сонымен бірге олар орнықты әлеуметтік-саяси институттар да қалыптастыра алды. Мұның өзі өмір ағымында шындала келе Ұлы Дала төсінде, соның ішінде Қазақ даласында іргелі мемлекеттердің бой көтеруіне себепші болды. Бұл ретте, жаңаша жыл санауға дейін-ақ ірге бекітіп, қуатты мемлекетке айналып үлгерген. Сақ, Ғұн, Үйсін, Қаңлы елдері, VІ-VІІІ ғасырлардағы Түркі, Түргеш, Қарлық қағанаттары, VІІІ-XI ғасырлардағы Оғыз, Қыпшақ, Қарахан дәулеттері, XI-XIV ғасырлардағы Найман, Керей хандықтары мен Алтын Орда ұлысы, сондай-ақ осынау мемлекеттік құрылымдардың тікелей жалғасы болып табылатын Ақ Орда, Көк Орда, Моғолстан, Ноғай Ордасы және Қазақ хандығы, түптеп келгенде, Ұлы Дала төсіндегі мемлекеттік құрылымдардың үзілмей сабақтасқан 3 мың жылдық шежіресін зерделетеді.

Ұлы Дала тұрғындары өздерінің көшпелі мал шаруашылығын отырықшы егіншілікпен және қалалық кәсіпкерлікпен үйлесімді шендестіріп отырған. Қазақ даласындағы жоталы тау бөктерлері мен айдынды өзен-көл алқаптарында ақарлы-шақарлы қалалар ерте кезден-ақ іргесін орнықтырып үлгерген. Бұл ретте, Шығушен, Битән, Сүйәб, Сайрам, Тараз, Отырар, Түркістан, Баласағұн, Мерке, Қойлық, Жент, Сарайшық, Сауран, Сығанақ, Алмалық, Аспара, Баршынкент сияқты ондаған қала өзінің төлтума болмысымен де, қою тарихымен де ден қойдырады. Қазақ даласының оңтүстік өңірінде X-XII ғасырдың өзінде-ақ қала тұрғындары жалпы халықтың жүзден 20-25-ін құраған (О. Г. Большаков. Город в конце VІІІ- начале XIII в. численность городов. Л., 1973. 268-бет).

Еуразияның Ұлы Даласында көшпелі өмір салттың болмысымен үндес шаруашылық-мәдени типі өз кезегінде қайталанбас төлтума мәдениет әкелді. Көшпелілердің төлтума мәдениеті өмір шындығын өзіндік талғам-таныммен игерді, өмір құбылыстарын өзіндік тілмен жорыды, сол жолда өзіндік әдістер мен тәсілдерді, қалыптар (форма) мен түрлерді дүниеге әкелді,

сөйтіп алапат-асқақ идеяларды адам өмірінің ең биік мұраттары ретінде ұсына білді. Тіршілік диалектикасын бейнелейтін даналық өрнектер (зверинный стиль), әлемнің шағын үлгісіне баланған киіз үйлер, Тәңірдің тұрағы іспеттес қорғандар, бақидың фәниге өсиеті сияқты тасқашау (руникалық) эпостар, сайын даланы шежірелі тарихқа айналдырған жоралық сәулеттер мен балбал тастар, қарапайым тұрмыс-тіршілікті өнер деңгейіне көтерген қолданбалы-кәделік (утилитарно-прикладной) зат-бұйымдар, Тәңірдің тіліне баланатын музыка — міне, мұның қай-қайсысы да көшпелі өмірдің төл болмысы туындатқан қайталанбас рухани құндылықтар.

Тарих сахнасында 3 мың жылдай өмір сүрген салт атты көшпелілер өркениеті жалпы адамзаттық өркениеттің құрамдас бөлігі болып табылады. Дәл сол сияқты, жалпы адамзат тарихын да Ұлы Дала көшпелілерінен тыс танып-түсіну мүмкін емес және ондай тарих бүтін болмас еді.

Еуразия қос құрлығының тарихындағы орта ғасырдағы бұрынғы судай сапырылысқан рулар мен тайпалардың, қауымдар мен қоғамдардың бірте-бірте ұлттық даралануға, этникалық дербестенуге ойыса бастағаны тарихтан аян. Осынау жалпы адамзаттық дамудың заңдылықтарымен шендесіп жатқан этностену (этнизация) үрдісінен қазақ халқы да шет қалған жоқ. Ұлы Даланың кіндік жұртын ежелден қоныс еткен скиф-сармат, сақ-ғұн, үйсін-қаңлы, оғыз-қыпшақ, түркі-монғол этникалық түзілімдерінің тікелей мұрагері болып табылатын қазақ халқы ХҮ ғасырдың 60-жылдарында өзіндік атауымен тарих сахнасына шығып, өз алдына дербес хандық шаңырағын көтерді. Бұл әлдебіреудің қалауымен жүзеге асқан немесе кездейсоқтықтан пайда болған хандық емес, Қазақ даласындағы ғасырлар бойы әбден қайнауы жеткен әлеуметтік, экономикалық және саяси үрдістердің заңды нәтижесі еді.

Қазақ хандығының ұзына тарихы, түптеп келгенде, ел болып бірігу жолындағы, ұлт болып ұйысу жолындағы күрестің тарихы. Қазақ хандығы дәурен сүрген заманда қазақ халқы өзінің ұлттық төлтумалығын біржолата орнықтырып үлгерді.

Бұрынғы ғасырлар сілемінде кіндіктес болған түркі тілдес этностармен салыстырғанда қазақ халқы дербес хандық құрған кезден бастап өмір салтымен де, шаруашылық-мәдени типімен де, мемлекеттіктің әлеуметтік-саяси құрылымымен де даралық сипат танытты. Әсіресе, мемлекет басқару ісіндегі дала-

лық демократия — билік жүйе үрдісі ел ішіндегі әлеуметтік-саяси үйлесімнің тезірек орнығуына, біртұтас этникалық ділдің тезірек қалыптасуына елдік пен мемлекеттікті кие тұтатын этникалық сананың тезірек шындалуына себепші болды. Ұлт маңдайының бағына біткен Керей, Жәнібек, Қасым, Есім, Тәуке, Абылай сияқты хандар елдің іргесін бекемдеп, шаңырағын нығайту жолындағы алмағайып заманның қиын-қыстау сәттерінде ұдайы жеке бастарының қадыр-қасиеттерімен үлгі өнеге бола білді. Ал, Төле, Қазыбек, Әйтеке сияқты қара қылды қақ жаратын ақылман билер, Асанқайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Бұқар сияқты айыр көмей, жез таңдай абыз жыраулар; Бөгенбай, Қабанбай, Наурызбай сияқты ел тағдыры жолында жаумен санаспай соғысатын ержүрек батырлар Қазақ хандығының ұстынды тірек тұлғалары еді. Олар өздерінің бүкіл саналы өмірлерін, ақыл-ойлары мен қажыр-қайраттарын қазақ халқының елдік мұраттарына сарқа жұмсады.

Жалпы адамзат тарихында орта ғасырдың соңын ала айқын байқалған акселерациялық нышандар, технократтық дамудың төбе көрсетуі, отты қарудың пайда бола бастауы, құрлықаралық ықпалдастықтың қарқын алуы енді ел болып, енді еңсе тіктей бастаған Қазақ хандығына да әсер-ықпалын тигізбей қалған жоқ. Дәл осы тұста Қазақ хандығымен іргелес өңірде Жоңғар хандығы да бой көтеріп, айбынды күшке айналып үлгерген. Ұлы Дала экожүйесімен кіндіктес көшпелі өмір салт қалыптастырған Қазақ-Жоңғар хандықтары өздерін әлі де болса табиғаттың қарсыластары емес, табиғаттың бел баласындай сезінетін. Алайда, сол кездегі Қазақ-Жоңғар хандықтарының батысы мен шығысында аграрлық мәдениетін дәуірлетіп, технократтық дамуға тұяқ іліктіріп үлгерген елдер үшін көшпелі өмір салт жәй ғана анохранизм емес, олардың кең қарымды стратегиялық ындындарының жүзеге асуына әрі кедергі, әрі әлі де болса қауіпті күш еді. Мұндай ахуал, әсіресе, Ресей мен Қытайды алаңдатып, бүйірлеріне шаншудай қадалды. Олар қайтсе де, осынау тау суындай екпінді көшпелі екі мемлекетті бір-біріне айдап салу арқылы ғана аз шығынмен өз мақсаттарын жүзеге асыруға болатынын жақсы түсінді. Бұл мақсаттарын жүзеге асыру жолындағы әрекет барысында Ресей мен Қытай бәсекелес болды және қолданған қулық-сұмдықтары жөнінен бірінен-бірі асып түсті. Әсіресе, Ресей Жоңғарлармен елшілік орнатып, отты қарулармен астыртын жасақтап, олар-

ды қайтсе Қазақ хандығымен арандатудың неше түрлі зымиян шараларын жасады. Ресей патшалығы ойластырған осы шаралардың ішінде, Жоңғар мемлекетінің Торғауыт, Дүрбіт, Хошауыт сияқты іргелі тайпаларына Қазақ хандығының жерін атта-тып өткізіп, Еділ бойынан қоныс беру қазақ пен жоңғар арасындағы ғасырдан астам уақытқа созылған қанқасап соғыс өртінің тұтануына себепші болды.

Осынау жойқын соғыстың салдарынан Жоңғар мемлекеті ата жұртынан мүлде жойылып кетті де, қансыраған Қазақ хандығы Ресей патшалығына бодан болды.

Үш ғасырға созылған бодандық кезеңінде жүйелердің алмасуына қарамастан, мемлекеттік төңкерістердің жүзеге асқанына қарамастан және идеялық-саяси көзқарастардың өзгеруіне қарамастан Ресейде бір ғана жағдай өзгеріссіз қалып отырды. Ол — бодандықтағы басқа да бұратана делінетін халықтар секілді, қазақ халқына да Ресей империясы ұстанған репрессиялық-экспансиялық пиғылы мен әрекеті еді.

Қазақ халқы бодандық кезінде ата мекенінің үштен бірінен айрылды. Еділ (Волга), Хажытархан (Астрахань), Сарытау (Саратов), Селебе (Челябинск), Қорған (Курган), Орынбор (Оренбург), Төмен (Тюмень), Барнауыл (Барнауыл), Үстіқұт (Усть-Кут), Ащылы (Ачинск), Байкөл (Байкал), Енесай (Енисей), Аңғар (Ангара) деп аталатын ондаған-жүздеген елді мекендер мен жер-су атауларының күні бүгінге дейін таза түркілік-қазақтық мән-мағынада айтылуы көп жайды аңғартатын айғақ.

Тек қана Кеңес заманында 5 миллион қазақ репрессия мен аштықтың құрбаны болып, 2 миллиондай қазақ шет елді паналауға мәжбүр болды. Қазір 4 миллионнан астам қазақ дүние жүзінің 32 мемлекетін паналап, тілі мен діні әртүрлі ортада ғұмыр кешуде.

Бодандық кезеңінде табиғат байлығы қорқаулықпен тоналып, экожүйеге бейімделген дәстүрлі шаруашылық зорлықпен өзгертіліп, 1949-1989 жылдар аралығында 500-дей атом және сутегі бомбалары сыналып, Қазақ даласы экологиялық сүргінге (катаклизм) ұшырады. Мұның өзі ұрпақтың тұқым қорына (генофонд) әсер етіп, қазірге дейін ұлтты аздыратын қатерлі фактор болып отыр.

Ресей экспансиясы бел ала бастаған ХҮІІ ғасырдан бастап 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісіне дейінгі аралықта қазақ халқы отаршылық езгіге қарсы 300-ге жуық ұлт-азат-

тық көтерілісті бастан кешті. Алайда, дүлей күш қазақ халқының азаттықты көксеген рухын ұдайы қанға тұншықтырып отырды.

Ең соңында, қазақ халқы бодандық кезеңінде жойқын рухани экспансияны бастан кешіп, ғажайып төлтума мәдениеті көмескіленді.

Міне, қазақ халқы қазіргі азаттығына осындай нәубеттерді есепсіз қиянат, мехнат-азаптарды басынан өткеріп жетті. Азаттық жолында қазақ халқы қансырап бақты, бірақ қаза болған жоқ, есеңгіреп бақты, бірақ есінен адасқан жоқ; сүрінді, бірақ құлаған жоқ.

Иә, империя құлады. Зұлымдықтың ұзақ өмір сүрмейтінін ақ бас тарих бұл жолы да қапысыз тағылым етті. Өзге ұлттар сияқты қазақ халқы үшін де отаршылдықтан құтылу мейлінше қиын болды. Ал, отаршылдықтың зардабынан арылу да батпандап кірген дерттің мысқылдап шығатыны сияқты, оңай емес екенін тәуелсіздіктің артта қалған он жылы көрсетіп отыр. Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сөзі осы орайда еске түседі. “Қазақтың сана-сезімі өткендегі, қазіргі және болашақтағы — тарихтың толқынында өзінің ұлттық “МЕН” дегізерлік қасиетін түсінуге тұңғыш рет енді ғана мүмкіндік алып отыр... Бірақ, бұл мүмкіндік қана, ол шындық, тек қазақтардың ғана емес, барлық қазақстандықтардың жаппай санасына орныққан фактіге айналуы қажет” — дейді Нұрсұлтан Әбішұлы (Н. Назарбаев. Тарих толқынында. — А., 1999. 292-293-беттер). Қазақ халқы өзінің ғасырлар аясында қалыптасқан этникалық табиғатында көпшіл, өзге ұлттың мәдениеті мен салт-дәстүріне құрметпен қарай алатын кеңпейіл (толерантты) қасиетімен дараланатын халық. Тәуелсіздіктің артта қалған 10 жылындағы қазақстандықтар арасындағы түсіністік пен жарасымның негізгі кепілі де тірек ұлт ретінде қазақ халқының осынау кеңпейілдігі екені ешкімге күмән келтірмейді.

Иә, тәуелсіз 10 жыл артта қалды. Осы уақыт аясында Қазақстанда дербес саяси және әлеуметтік кеңістік қалыптасып үлгерді, нарықтық қатынас орнығып, әлемдік қауымдастықпен жаңаша ыңғайласу үрдісі бел ала бастады. Қазақстан өзінің аумақтық тұтастығын нығайтып, халықтың жүрегіне сенімді көңіл күй ұялатты. Демократия мен реформаны шындай түсетін

жасампаз тарихи сана қалыптасты. Осының бәрінің тұғыры болып табылатын және болашаққа сеніммен қарататын қоғамдық ауызбірлік одан әрі күшейе түсуде.

Тәуелсіздіктің алғашқы он жылы қазақстандықтар үшін ізденіс пен ұмтылыс, сенім мен жарасым жылдары болды. Алдағы өмір жолының бұдан да мазмұнды, бұдан да үйлесімді болатынына сенім мол.

* * *

Оқырман назарына ұсынылып отырған “Елтұтқа” кітабы да, сөз жоқ, тәуелсіздіктің арқасында ғана мүмкін болған рух азаттығының жемісі. Ел тарихын әйгілі тұлғалары арқылы тану мүмкіндігі енді туа бастады. Ұлттың әйгілі тұлғаларын тарихпен шендестіре танып-түсіну, ең алдымен — тарихи ақиқаттың айтыла бастауының жемісі. Сонан соң, әрине, әйгілі тұлғалардың өміртіршілігі, арман-аңсары тірілер үшін ғибрат. Түптеп келгенде, өмірдің мәні де, сәні де оның сабақтастығында болса керек. Ілгергі буын бастаған өнегелі істер кейінгі буын арқылы жалғасын тауып жатса өмірдің бағасы арта түспек, ұлттың төлтумалығы орнықты болмақ, адамдардың жан-жүрегіне сенім мен мақтаныш сезімі ұялап, жасампаздық рухы салтанат құрмақ. Мұның бәрі өз кезегінде ұлттың мәдени-рухани ілгерілеуіне кепіл болуға тиіс.

Әрбір дүниеге келетін кітаптың да өз тағдыры болады. “Елтұтқа” кітабының да дүниеге келуінің өзіндік сыр-себебі бар.

Жұртшылыққа белгілі, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығына орай 2001 жылғы мамыр айының 18-19 күндері Астана қаласында Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде “Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер” атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Конференцияға дүние жүзіндегі түрколог ғалымдар, әдебиет пен өнердің көрнекті тұлғалары қатысып, ой бөлісті. Осы конференциямен орайластырып, байырғы түркі жазба ескерткіштерінің ішіндегі ең көрнектісі — Күлтегін тас ұстынының тұңғыш рет жасалған ғылыми көшірмесі Еуразия ұлттық университетінің бас ғимаратына қойылған болатын. Сөз орайында осынау әйгілі ескерткіштің әкелінуіне Президент Н. Ә. Назарбаев пен вице-премьер И. Н. Тасмағамбетовтың тікелей араласып, қамқорлық көрсеткенін айрықша құрметпен атап көрсеткен жөн.

Университет бас ғимаратының бірінші атриумына қойылған Күлтегін ұстынының тарихи мән-маңызын аша түсу үшін қосалқы материалдар, заттық айғақтар, жаңғыртпалар (реконструкция), кітаптар мен құжаттар қойылып, мазмұнды жайым (экспозиция) жасақталған. Жайым көрнектерінің (экспонат) ішінде арнайы салынған “Бата” және “Алтын адам” атты көлемді екі панно айрықша назар аударады. Бұл паннолардың авторы дарынды жас суретші — Нұржан Қарымсақов. Күлтегін ұстынының қос қапталына керілген паннолар жайымның барша мазмұн-мағынасын ашатын, киелі ескерткіштің тарихи-рухани сабақтастығын аңғартатын тұжырымдамалық кілт іспеттес. Қос панноның да панорамалық ауқымы атриумның кеңістігімен табиғи шендесіп, біртұтас ансамбльдің бейне шежіресіндей әсер береді. Кітап авторларының тапсыруымен әрі қадағалауымен орындалған бұл монументальды-декоративті паннолар өзінің шерулі (батальный) көрінісімен Қазақ даласындағы соңғы 2-3 мың жыл аясында өткен шежірелі тарихты көз алдыңызға жайып салғандай. Қос панноның ортасындағы Күлтегін ұстыны асқақтай көрініп, өзінің текті болмысын одан әрі тереңдете түскен.


“Алтын адам” панносына Есік қорғанынан табылған әйгілі археологиялық олжа арқау болған. Мұнда “Алтын адам” атанып кеткен сақ көсемі бастаған жауынгерлердің туған жері мен елі үшін шайқасы сәтті бейнеленген.

Ал, “Бата” панносында байырғы ғұндардың көсемі Мөдеден бастап бүгінгі күнге дейінгі, 2 мың жылдан астам уақыт аясында ғұмыр кешкен, Қазақ даласының 150-ге тарта әйгілі тұлғалары бейнеленген. Әр кез-кезенде елдің ел болуына ұйтқы болған көсемдер мен батырлар, хандар мен билер, абыздар мен жыраулар, ғалымдар мен өнер өрендері бір панноның бетінде тоғысып, көрер көзге ел мен жердің біртұтас кие-құтындай әсер береді. Ортада қол жайып, бүгінгі және болашақ ұрпаққа ақ тілегін жолдап тұрған үш би — Төле, Қазыбек, Әйтеке бейнелері панноның идеялық темірқазығы іспеттес. Тарихи тұлғалар әр дәуірде, әр заманда, әр ғасырда ғұмыр кешсе де, ел мен жер көсегесінің көгеруін көксеген арман-аңсар бірлігі олардың басын қосып, рух тұтастығын әйгілеп тұрғандай. Алдыңғы планда арынды ақбоз ат үстінде тұрған тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев азаттық символы ретінде бейнеленген. Атабаба рухы оянып, азаттықтың баянды болуына, ел-жұрттың бақытқа кенелуіне тілектерін қосып, баталарын бағыштаған.

“Бата” панносында әр дәуір тұлғаларын бір көрініс аясына шоғырлаған хронологиялық шарттылық бар. Бұл суретшінің идеялық және тұжырымдамалық мақсатынан туындаған шарттылық. Елдік мұраттардың мәңгілігін және ұдайы ұрпақ аралық сабақтастықтың үзілмеуін көксеуден туған шарттылық. Бұл сияқты өміршен де өнегелі мақсат “Бата” панносына ағартушылық-публицистикалық сипат дарытып, көрерменнің ой-санасын тарихтың толқынды айдынына алып шығады. Жәй алып шықпайды, замананың соқтықпалы-соқпақты кезеңдерінен өткен қазақ халқының текті де мазмұнды тарихы кім-кімді де бейтарап қалдырмайды. Сол ұлы тарихтың бір бөлшегі ретінде жан-жүрегінді мақтаныш сезімі билейді.

“Елтұтқа” кітабы қазақ тарихының алтын қазығы, ұйытқысы болған ұлы тарихи тұлғаларға арналған. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 10 жылдығымен орайластырып, оқырман назарына ұсынылып отырған бұл кітап, түптеп келгенде, Отан тарихына әйгілі тұлғалары арқылы ден қоюды мақсат етеді. Бұл тұрғыдан келгенде екі жарым мың жыл аясында ғұмыр кешкен тарихи тұлғалар туралы мол мағлұмат беретін “Елтұтқа” кітабы ата-баба рухымен табысуға дәнекер болатын, әр жүрекке ұлтжандылық ұрығын ұялататын, ержеткен ұлдың еншісі ететін, бойжеткен қыздың жасауына қосатын, әркімнің төрінде тұрар бойтұмардай қастерлі мұра болуға тиіс. Өйткені, Отанның қадірін білу – Отан тарихын білуден басталады.

“Елтұтқа” кітабы толығымен интернет жүйесіне түсіріледі. Интернет жүйесіндегі сайттың электронды адресі: www.tek.kz.



I ТАРАУ. БАЙЫРҒЫ ЗАМАН

Бір ақиқаттың басы ашық. Ол — Қазақ даласында ежелгі заманнан бастап, бүгінгі күнге дейін ұрпақтар сабақтастығының үзілмей жалғасып келе жатқаны. Қазақ халқы қазіргі ата мекенінің автохтонды тұрғыны, яғни қазақтар Қазақстанның бірден-бір тұрғылықты халқы. Археологиялық олжалар адам әулетінің Қазақстан жерінде ежелгі тас дәуірінен (палеолит) бері қарай жалғасқан тіршілік іздеріне куә ондаған-жүздеген айғақты көлденең тартады. Қазақ даласында шамамен, осыдан 10-15 мың жылдай бұрын қазіргі географиялық ортаға ұқсас жағдай қалыптасып үлгерді. Яғни, шығысын Алтай, оңтүстігін Тянь-Шань сілемдері көмкеріп, солтүстігін Батыс Сібір жазығы шендеп, батысын Еділ-Каспий ойпаты орап жатқанымен, Қазақ даласының басым бөлігі қуаң, жартылай қуаң болып келеді. Алайда, бұл даланың өсімдігі шүйгін, жан-жануарға айрықша жұғымды. Алғашқы терімшілік, сонсоң егіншілік кәсіппен айналысқан сахара тұрғындары бірте-бірте мал шаруашылығына ойысып, экожүйенің табиғи бітіміне бейімделді. Ұлы Дала төсінде шырқай көшіп, жыл құсы сияқты қатал табиғат құрсауынан сытылып шығуға мүмкіндік беретін көш-қон үрдісін қалыптастырады. Ұзақ уақыт тәжірибе шыңдайды. Нәтижесінде, жаңаша жыл санауға дейінгі II-I мыңжылдықтар аясында адамзат тарихындағы түбірлі өзгерістердің себепшісі болған көшпелі өмір салт қалыптасты. Мұны ғылым жүзінде салт атты көшпелілер өркениеті деп те атайды.


Еуразияның далалық алабында қалыптасқан көшпелілер парсының сына жазуларында сақтар деп аталса, грек авторлары азиялық скифтер деп, қытай жылнамалары ғұн, хұн (сиуңну) деп атады. Есіктен, Берелден, Үстірттен табылған әйгілі археологиялық олжалар, ондағы “Алтын адамдар” атанып кеткен сән-салтанатқа малынған айғақтар сол көшпелі тайпалардың әлеуметтік-саяси негізінің тегеурінін танытады. Яғни, Жетісу алабын қоныс еткен қаңлылар, Арал мен Каспийдің төңірегіндегі аландар тайпалық одақтарға ұйысып, көшпелі мал шаруашылығына қоса темір қорыту, егін егу сияқты кәсіптерді де дамыта білді. Атқа тақым басқан көшпелілер Ұлы Жібек жолының ұшталуына бірден-бір себепші болып, төңірегіндегі іргелі елдермен экономикалық,

саяси және мәдени байланыстар орната бастады. Мемлекеттіктің өзіндік үлгісі қалыптасып, тайпа көсемінің өкімет билігін атадан балаға мирас ету үрдісі орнықты. Үйсін тайпалар одағының көсемі ұлы гуньмо (бек, би) деп аталды.

Табиғи ортаға мейлінше бейімделіп, мал шаруашылығын күрт дамыту көшпелі тайпаларды әлеуметтік жағынан да, саяси тұрғыдан да кемелдендіріп, қуатты күшке айналдырды. Әсіресе, Алтай алабындағы көшпелілердің шарасынан асып төгілгендей батысқа қарай лықсуы Еуразия көшпелілерін бұрынғыдан да шыңдап, ширықтыра түсті. Сол бір алыс кезендерде қалыптасқан көшпелі тайпалар, олар құрған мемлекеттік бірлестіктер қашан отты қару пайда болғанға дейінгі ұзақ уақыт аясында адамзат тарихындағы ең қуатты да құдіретті күштердің бірі болып қалды. Бұл орайда, Шығыстан салынған Ұлы Қытай қорғаны, Александр Македонскийдің осы даладан сансырап шегінуі, Бабылға (Вавилон) тізе бүктірген Дарийдің бұл даладан тауы шағылып қайтуы, әйгілі Кирдің осы далада қанға тұншығып өлуі, қуатты Рим империясының көшпелілер (Еділ-Атилла) шапқыншылығынан соң құлауы сияқты кесек-кесек мысалдармен шектелуге болады. Ахемен әулетінің аузынан жалын шашқан ұлдары да, ұлтарағына дейін темір құрсанған македондық гректер де, Қытай империясының жер қайыстырған жауынгерлері де, діни сенім жолында басын бәйгеге тіккен жөйттер мен арабтар да ұдайы Ұлы Дала көшпелілерімен санасып, Ключевскийдің сөзімен айтқанда, оларды Тәңірдің дырауына балады.

Ең бастысы, Ұлы Дала төсінде қалыптасқан көшпелі өмірге сай мәдениет қалыптасты, саф таза өнер туындады. Құндылықтарды парықтайтын салт-дәстүр орнықты. Бұлардың бәрі қосылып өзіндік болмыс-бітімі бар көшпелілер мемлекеттігінің берік негіздерін құрады.

Тарих табалдырығынан аттағалы келе жатқан орта ғасырлар қарсаңында Еуразия көшпелілерінің құрсағында түркінің тәңір тектес ұрпағы жарық дүниеге өмірін жүргізу үшін асыға бұлқынып жатты.



ᠮᠤᠮᠤᠷ ᠬᠠᠩᠰᠠ

(570 - 520)



Тұмар (Томирис) ханша (ж.ж.с.д. 570-520.) — күнгей түркі-сақ халықтарының байырғы заманда ел билеген атақты әйел патшаларының бірі. Грек жазбаларында оның елін “массагет” деп атайды. Тұмар ханша есімінің тарихқа еніп, әлемге танылуы — Ахемен әулетінен шыққан, “төрт құбыланың тұтас билеушісі” атанған парсының әйгілі патшасы Кирдің (ж.ж.с.д. 558-530.) Орта Азияға басқыншылық жорықпен кел-

ген, “жеңілуді білмейді” деп дәріптелген әскерін ашық шайқаста тас-талқанын шығарып жеңуімен тікелей байланысты.

Мемлекетінің аумағын тойымсыздықпен кеңейте беруді ойлаған Кир патша батыс елдеріне аттанбас бұрын әуелі шығыс жағын қауіпсіздендіру мақсатымен күнгей түркі-сақтарды бағындырып алуды көздейді. Сөйтіп түркі-сақ еліне елші аттандырып, олардың ханшасы, сол кезде күйеуі өліп жесір отырған Тұмардың (Томириске) өзіне тұрмысқа шығуын сұрайды.

Бұл – Кирдің түркі-сақтармен соғысуға желеу іздеуі еді. Тұмар ханша Кирдің ұсынысын қабылдамай тастайды. Осыны желеу еткен Кир өзінің жау қайдалап жұтынған жаужүрек жауынгерлерін шығысқа қарай қаптатады. Аракс дариясына жетіп, үстінен қалқыма көпірлерді құруды кемелердің кермесінде мұнара қамалдар тұрғызуды әмір етеді.

Өздерін жаулап алуға келген парсылардың әр қадамын алыстан бақылап, біліп отырған Тұмар ханша олардың дариядан өту үшін әуреленіп, көпір салғалы жатқанын естіп, Кирге арнайы жаушы жібереді.

— Мидиялықтардың патшасы! — дейді жіберген жаушысы арқылы Тұмар ханша Кирге. — Ниетіңнен қайт. Салып жатқан көпірлеріңнің игілігін көрер-көрмесінді өзін де білмейсің. Өнбес істі қума. Өз патшалығыңа бар да, өз билігіңді жүргізе бер, бізді күндеме. Ал егер алда-жылда соғыспай қоймаймын десең, онда көпір салып, уақыт өткізіп, әуре болма. Дарияның біз жақ бетіне шығып соғысамын десең, біз үш күншілік жерге кетіп, жол ашайық, ал дарияның өз жағыңда соғысамын десең, сен үш күншілік жерге шегін. Қалауыңа қарай өзін шеш.

Тұмардың ұсынысын Кир әскери кеңеске салады. Біраз пікір таласынан соң, Лидияның бұрынғы патшасы, сол кезде Кирдің қолындағы мырза-тұтқын Крездің ақылымен дарияның түркі-сақтар жағында соғысуды ұйғарып, шешімдерін Тұмарға хабарлайды.

Түркі-сақтар уәделерінде тұрып, үш күншілік жерге шегініп кетеді. Олардың кеткеніне анық көз жеткізгеннен кейін Кир бүкіл әскерін дарияның арғы бетіне өткізіп, Крездің үйреткен айласымен түркі-сақтардың шабылдаушы тобын алдап қолға түсіріп, түгел қырғынға ұшыратады. Осы шабуылшы топтың басшысы, Тұмар ханшаның ұлы Спаргапты (Спаргапис) тұтқынға алады.

Сүйікті ұлы мен шеп бұзар жауынгерлерінің қайғылы хабарын алған Тұмар Кирге жаушы жіберіп, оған өзінің соңғы сөзін жеткізеді.

— Қанқұмар Кир! Жеңіске желікпе. Сен менің ұлымды ашық айқаста қару құдіретімен жеңген жоқсың. Шарап ішкізіп, алдап барып, пенде еттің. Енді менің мына ақылымды ал. Айла-амалмен біраз жауынгерімді опат еткенінді қанағат тұтып, менің ұлымды өзіме қайтарып бер де, есен-сауыңда жөніңді тап. Егер өйтпесен, Тәңірі атымен ант етіп айтайын, қанға қаншама тойымсыз болсаң да, адам қанын сусының қанғанша ішкізермін!


Бар аңсары біреудің елін шауып, олжаға батып, атағын шығаруға ауған Кир ханша ақылын тыңдамай, өзінің шайқасатынын айтып, Тұмардың жаушысын кері қайтарады.

Тұтқынға түскен Тұмардың ұлы өзінің қандай күйге ұшырағанын мастығы айығып, есі кірген кезде ғана бір-ақ біледі. Кирден аяқ-қолын босатуын өтінеді. Қолдан бұғау, аяқтан кісен алынысымен, ол қасында тұрған парсы жауынгерінің қаруын жұлып алып, өзін-өзі өлтіреді.

Келесі күні екі жақтың арасында бұрын-соңды көз көрп, құлақ естімеген сұрапыл қырғын соғыс басталады. Ақырында далалық ұрыс тәсілін тиімді пайдаланған түркі-сақтар парсылардың әскерін түгел дерлік жусатып салады. Қоршауға түсіп, бас сауғалар мүмкіндігінен айырылған Кирдің өзі де жауынгерлерімен бірге айқас алаңында қаза табады.

Тұмар ханша шайқас аяқталған соң, сарбаздарына Кирдің денесін таптырып алып, басын кестіріп, қан толтырылған меске салып тұрып: “Әйтеуір тірі қалдым, сені жеңіп шықтым демесем, жан дегендегі жалғыз ұлымды аярлықпен қолға түсіріп, сен менің түбіме жеттің, жауыз! Енді Тәңірге берген сертімді орындап, басыңды қанға бөктіріп, сусыныңды қандырғаннан басқа амалым жоқ” — дейді.

Осылайша күнгей түркі-сақтар өздерін жаулауға жасанып келген басқыншылардан елінің тәуелсіздігін сақтап қалады. Осылайша Тұмар ханша елбасылық ұлы тұлғасымен, қолбасшылық асқан ерлігімен тарихқа енеді.





Тумән ұлы Мүде қаған (ж.ж.с.д.228-174.) – Сиунну (Ғұн) империясының негізін қалаушы, жеке тағдыры қызық та қасіретті оқиғаларға толы, қаталдығы мен даналығы қабат өріліп жатқан күрделі тарихи тұлға. Қытай жазбаларында оның есімін “Маудун”, ал билік лауазымын “чәниүй” деп атайды. Чәниүй атауының жеке сөз ретінде не мағына беретіні

әлі күнге белгісіз, ал лауазым ретіндегі мағынасы сиуннулар үшін ортағасырлық түркілердің “Қаған” дегенімен мәнзелдес. Қазіргі тарихшылардың чәниүйді “тәңіркүт” деп алулары қате.

Мүде шамамен 18-19 жасында, ж.ж.с.д. 209 жылы, әкесі Тумәнді өлтіріп, Сиунну хандығының тағына отырып, өзін сиунну елінің дара билеушісімін деп жариялайды. Содан көп ұзамай шығыста дунху, батыста жыужы (юечжи), терістігінде хуниүй, чуйшы, динлиң, гыгун және шыңли, оңтүстігінде лыуфаң, бай-иән секілді елдерді жаулап алып, шағын Сиунну хандығын Шығыста теңдесі жоқ далалық ұлы империяға айналдырады. Осыдан кейін елі оны “ақылы асқан дана” деп мойындап, оған “Чинтижы” деген ат береді. Бұл қазіргі түсінікте “Тәңірінің күші”, яғни “Құдайдың қаһары” деген мағынаны білдіреді.

Ел билігінің басына көсемдік дарыны аса жоғары, қолбасшылық қабілеті тым ерен, көздеген мақсатына жетпей тынбайтын жігерлі жас Мүденің келуі тек сиунну халқының ғана емес, бүкіл Шығыс халықтарының тағдырына үлкен өзгеріс әкеледі. Бұрын жеке-жеке хандықтарға бөлініп, өзара қырқысып жатқан түрк халықтарының басы бірігіп, бәрі тарихқа танылған үлкен бір далалық империяның құрамына енеді. Елді басқарудың жаңа жүйесі қалыптасады. Бұл жүйе елді үш әкімшілік-аумақтық құрылымға бөліп басқару арқылы жүзеге асырылып, бар билік бір адамның — чәниүйдің қолына көшеді.

Мүде қаған тұсында мемлекетті басқару жүйесінің шен-дәрежесі де белгіленеді. Мемлекеттің шығыс бөлігін — Сол тужи-уаң, батыс бөлігін — Оң тужи-уаң басқарады. Қытайша аталған бұл лауазымдардың билік пәрмені кейінгі түркілердің “кіші хан” деген ұғымына келеді. Бұдан кейінгі лауазым иелерін Сол лули-уаң, Оң лули-уаң деп атайды. Бұлар кіші хандарға бағынышты азық-түлікке жауап беретін уәзірлер. Кезінде осы төрт лауазым иелерін топтастырып ортақ бір-ақ атаумен — чәниүйдің “төрт мүйізі” деп атаған. Мұның сыртында “түмен басы” деп аталатын 24 әкімшілік басшылары болған. Тәрізі қазақтың кария сөзінде жиі айтылатын “24 баулы ел” деген тіркес сол бір шалғай кез-кезеңнен келе жатқан үрдіс болуы әбден мүмкін.

Мүденің реформасынан кейін мемлекетте әскери шен жүйесі де (бас қолбасшы, түменбасы, мыңбасы, жүзбасы, онбасы) бір қалыпқа түседі. Сиунну империясы азаматтарының бәрінің